КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2025 жылғы 21 қаңтар 7119-24-00-2/17371 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер "Абдуллаев" тұлғасында Ибрагимхалил Оглы Апайдын Абдуллаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер "Абдуллаев" тұлғасында Ибрагимхалил Оглы Апайдын Абдуллаевқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Абдуллаев" тұлғасында Ибрагимхалил Оглы Апайдын Абдуллаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "Абдуллаев" тұлғасында Ибрагимхалил Оглы Апайдын Абдуллаевтан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 21.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 27.02.2025, судья Ебенбаева Э. Е., 28.02.2025

7119-24-3-1/16828